

**Мәслихаттың 2010 жылғы 28 шілдедегі № 346 "Лисаков қаласындағы Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2012 жылғы 15 мамырдағы № 38 шешімі. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда № 9-4-209 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 29.04.2015 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Лисаков қаласындағы Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 28 шілдедегі № 346 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-4-170 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 9 қыркүйекте "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) (бұдан әрі – өтініш беруші) тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган), немесе халыққа қызмет көрсету орталығына (бұдан әрі – орталық) балама негізде өтініш береді және "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.";

12-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстау, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы шығындарының төлем сомасы арасындағы айырмашылық ретінде, нормалар және отбасының (азаматтардың) осы

мақсаттарға шығындарының шекті жол берілетін деңгейі шегінде айқындалады.";

13-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті орган отбасының (азаматтың) жиынтық табысын қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептейді.";

15-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Белгіленген нормалар шегінде отбасының (азаматтың) шекті жол берілетін шығыстар үлесі жиынтық табыстан он пайыз мөлшерінде белгіленеді.";

23-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін алушының өтініші бойынша тұрғын үй көмегін алушының, қызмет көрсетушілердің, кондоминиум объектілерін басқару органдарының ағымдағы шоттарына, кондоминиум объектілерінің жинақ және банк шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

I V с е с с и я н ы ң

төрағасы

Д. Мироненко

Қ а л а л ы қ

мәслихатының хатшысы

Г. Жарылқасымова

КЕЛІСІЛДІ:

"Лисаков қаласы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі бастығының  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Л. Бочаренко

"Лисаков қаласы әкімдігінің  
тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылығы, жолаушылар көлігі  
және автомобиль жолдары бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Т. Соколова

"Лисаков қаласы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік  
мекемесі бастығының міндетін  
атқарушы

\_\_\_\_\_ В. Денисенко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК